ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 маусым №3313-23-00-2/714 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
сот отырысының хатшысы Ә.Қ.Құсайынованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы»,

ЖАУАПКЕР: Жеке кәсіпкер «Асқар» басшысы Гульназ Арипхановна Омирбекова,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану,
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Ж.Жабайханова,
Жаупкер Г.А.Омирбекова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 12 сәуірде «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (бұдан әрі Мекеме, тапсырыс беруші) мен Жеке кәсіпкер «Асқар» басшысы Гульназ Арипхановна Омирбекова (бұдан әрі Кәсіпорын, өнімберуші) тауарларды мемлекеттік сатыпалу туралы № 990140003041/230302/00 шартқа қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес өнімберуші тапсырыс берушіге тауарларды, яғни кітаптарды Бекішев Е.О.: Мал ұрлығына қарсы іс-қимылдың құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілері саны, 5 дана көлемінде, жалпы құны 14 400 теңгеге. Мұқажанов А.Е. Қаражан А.А. Шуақпаев Т.И.: Ішкі істер органдарының әкімшілік юрисдикциясы бойынша практикумы. 10 дана көлемінде, жалпы құны 49 000 теңгеге шартқа қол қойған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 02 мамырға дейін жеткізуге міндеттелген. Алайда, Өнімберуші

Аталған заң нормасының шеңберінде жаупкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы 1725 теңге, және талап қоюшының пайдасына 29 теңге өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жеке кәсіпкер «Асқар» басшысы Гульназ Арипхановна Омирбекованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Асқар» басшысы Гульназ Арипхановна Омирбекованы ЖСН 740912400820 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Асқар» басшысы Гульназ Арипхановна Омирбекованы ЖСН 740912400820 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 951 теңге және мемлекеттік баж шығындары 29 теңге, барлығы 980 (тоғыз жүз сексен) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Асқар» басшысы Гульназ Арипхановна Омирбекованы ЖСН 740912400820 мемлекет пайдасына мемлекеттік баж шығыны 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар Қазақстан Республикасының АПК – нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья М.Б.Киргабаков
Көшірмесі дұрыс
Судья М.Б.Киргабаков
Анықтама
Шешім түпкілікті нысанда 2023 жылы дайындалды
Судья М.Б.Киргабаков
Анықтама
Шешім күшіне енді «04» қазан 2023 жылы енді
Судья М.Б.Киргабаков